

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 321 – 323

**MODERN TYPES OF METHODS OF SCIENTIFIC  
AND EDUCATIONAL RESEARCH AND  
THEIR DEVELOPMENT PROSPECTS****A. B. Kametova**Master of II course Master of II course  
of the Eurasian National University named after LN Gumilyov**Key words.** Methods, pedagogical, research, modern.**Abstract.** In this article methods of scientific and pedagogical research, taking into account the changes in modern science.

ӘОЖ 008:34:108:351.838

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ  
ЗАМАНАУИ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ****A. B. Kametova**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің II курс магистранты

**Түйін сөздер.** Қазіргі заманғы әдістері, педагогикалық, ғылыми-зерттеу.**Андатпа.** Бұл мақалада ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері және оның қазіргі кездегі ғылымдағы болып жатқан өзгерістермен байланысты.

Қазіргі таңдағы ғылым дамуы мен ондағы өзгерістер, сәйкесінше, зерттеу әдістерін де жаңашаландыруды талап етін отыр. Ол үшін, алдымен, XX ғасырдағы ғылым дамуындағы негізгі ерекшеліктерді саралап алуымыз қажет. Себебі, ғылымдағы өзгерістер, сәйкесінше, әдістер мен әдіснамаларға да айтарлықтай өзгерістер алып келді.

Біз, алдымен, әдістердің классикалық, дәстүрлі қалыптасқан жіктемелеріне тоқталып өтуіміз керек. Э.И. Қалиеваның түсіндіруі былайша өрбиді: «Қазіргі уақытта педагогикалық әдістер жүйесін реттеуде кейбір жолдар анықталды. Жалпы алғанда олардың барлығы жүйелі түрде ортақ сипатты 3 топқа бөлінеді: 1. Ғылыми зерттеудің барлық жалпы әдістері – диалектикалық. Бұл топта педагогика мен психологияның әдістер жүйесі әдіснамаға және кез-келген ғылыми таным әдістеріне сай келеді. Диалектикалық әдіс басқа да барлық зерттеу әдістерінің негізі ретінде қатысып отырады; 2. Педагогика мен психологияда қолданылатын және де басқа да ғылым салаларына ортақ болып келетін зерттеу әдістері. Бұл әдістерді жиі жалпы ғылыми логикалық таным әдістері деп атайды; 3. Педагогика ғылымының өзіне ғана тән жекелеген әдістер. Соған сәйкес, жинақтау деңгейі ғылыми әдістерді жіктеуде критерий (көрсеткіш) болып табылады. Бірақ, әдіс дегеніміз – таным мен тәжірибеде белгілі бір нәтижеге жетудің жолы және ол әрқашанда бір – бірімен жүйелі байланысқан екі сипатқа ие: объективті және субъективті, ал педагогикада жекелеген зерттеу әдістерін толық ретті негіздеме бойынша жіктеу қабылданған» [1,44б.].

Ғылыми танымды зерттеушілер қазіргі кездегі оның мынадай динамикасын атап көрсетеді: интеграция, дифференциация, математикаландыру, индустрияландыру, ақпараттандыру т.б. [2,114б.]

*Интеграция* жағдайында ғылыми білімдердің бірігу үрдісі басталады, ол да жаһандана бастайды, әр түрлі пәндер арасындағы айырмашылықтар түсіріледі. Бұл құбылыстың өзі де әр түрлі бағытта іске асады: а) ғылыми салалардың өзара әрекеттесуі – мысалы, математика мен тіл білімі, физика мен химия сияқты

ғылымдар байланыса бастайды; ә) таным аппараттарының жалпылануы мен ортақтануы – жалпы ғылыми ұғымда: құрылым, жүйе, ықтималдық, алгоритм т.б. өрісі кеңейіп, барлық ғылымдарда қолданыла бастады; б) Белгілі бір салалар басқа ғылымдарды өзіне қарай шоғырландыруда басты роль атқарып отырады: кибернетика, семиотика, ақпарат теориясы т.б.

Егер де ғылым салалары біріге бастаса, онда олардың әдістері де бірігеді немесе бір ғылым екінші бір ғылымның әдістерін қолдануға тиіс болып шығады. Мысалы, педагогикалық психология, педагогиканың да, психологияның да әдістерін пайдаланады. Астрофизика астрономияның да, физиканың да танымдық әдістерін, тіпті заңдарын қатар пайдалануға ұмтылады. Мысалы, оқушылардың интеллектісін тексеретін тест әдісі бастапқыда психологиялық болғанмен, қазір оны инновациялық тұрғыдан алғанда, педагогикада да қолдануға болады.

Белгілі бір ұғымдар мен аппараттар жалпыланатын болса, онда, зерттеу әдістері өздігінен тұтастана түседі. Мәселен, «құрылым» бастапқыда жаратылыстану мен техникалық ғылымдарда қолданылса, кейіннен, ол гуманитарлық ғылымдарға да ене бастады. Осыдан, жалпы философиялық әдіс болып табылатын «құрылымдық әдіс», «құрылымдық-функционалдық әдіс» барлық ғылымдарға таралды.

Бұл бастапқыда, әсіресе, әлеуметтануда белсенді түрде қолданылса [3,336.], кейіннен, өзінің арнасын кеңейтті. Осы әдіс кез-келген объектіні тұтас жүйе ретінде жинақтап алып, оның құрылымдарын бөліп көрсетіп, әрқайсысының қызметтерін талдап береді. Мысалы, әлеуметтанудағы бұл әдісті педагогикада былайша қолдануға болады.

Мәселенің қойылуы: Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып арқылы жастарды ұлттық идея аясында тәрбиелеу. Бірінші, барлық салт-дәстүрлер тұтас жүйе ретінде жинақталады. Екінші, олардың қай діни сенімнің элементі екендігі ажыратылады. Үшінші, олардың тәрбиелік мәні көрсетіледі. Төртінші, олардың арасындағы байланыстар ашылады. Мысалы, «Судың да сұрауы бар», «Суға түкірме» т.б. суға қатысты ырым-тиымдар мен дәстүрлер көне Тәңіршілдік, Зорастрим сеніміндегі Жер-Суды құрметтеудің элементі. Су-Иер (Шумер) көне наным-сенім элементі. Маңызы мен тәрбиелік мәні табиғатты аялау – экологиялық тәрбие. Ол Жерді құрмет тұту, яғни, отаншылдық тәрбиемен байланысты болып шығады. Демек, Жер –отаншылдық, Су – экологиялық тәрбиеге алып келін отыр. Екеуінің қызметтері ашылып, олар қайтадан тұтас жүйелі құрайды.

*Дифференциация* ғылымдардың өз ішінен таралуы мен бөлінуі. XX ғасырдың екінші жартысында белең алған бұл бағыт күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Мысалы: плазма физикасы, қатты денелер физикасы т.б. Ғылым ішінде арнайы мамандану жүргізіліп, өзіндік терминологиялары қалыптасады.

Мысалы, әлеуметтік педагогика, Андрагогика, Геронтология, Юнеғоғика т.б. педагогиканың салаларының пайда болуы, олардың зерттеу әдістерін де тереңдете түседі. Егер, «әлеуметтік жұмыс» пәнінде Қарттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс мәселесі бар болса, онда бұл тұста, педагогика әлеуметтік жұмыстың әдістерін қолданатын болады.

*Математикаландыру.* Математикалық әдістер мен тұрғыларды басқа да ғылыми білімдерге қолдану: нақты тәсілдер, математикалық модельдеу, есептеу эксперименттері т.б. Мысалы, тарихта, әлеуметтануда, психологияда т.б. айқын көрінеді. Әлеуметтанулық зерттеулердің математикалық модельденуі, математикалық талдаулар жасау т.б.

Соңғы уақыттарда педагогика ілімінде де математикаландыру үрдісі жүргізіліп келеді. Мысалы, сауалнама жүргізу – әлеуметтану, психология, педагогика, өзін тану т.б. ілімдердің бәріне ортақ тәсіл. Олай болса, ондағы есептеулер таза математикаландырудың көрінісі болып есептеледі. Бұны педагог Э.И. Калиева нақтырақ түсіндіріп берген болатын[1,56-58бб.].

*Индустриаландыру* кезінде ғылымның технологияға және технологияның ғылымға енуі жүре бастайды. Бүгінгі ғылым күшті индустриалдық базаны қажет етеді: қарапайым жасакталған кабинеттерден бастап, ұжымдық зерттеулер жүргізетін үлкен лабораториялар.

Педагогика ғылымында, бір қарағанда, лабораториялар жоқ сияқты болып көрінеді. Бірақ, шындығында, білім беру мен тәрбие үдерісінің түгелге жуығы инновациялар арқылы жүргізілетін тәжірибелер болып табылады. Мысалы, бірінші сыныптан бастап, ағылшын тілін жаппай оқыту, талантты балаларды, қиын балаларды бөліп оқытып, оларға әр түрлі тәжірибелер жүргізу т.б. үлкен адам лабораториясы болып шығады. Сондай-ақ, интерактивті такта, проекторлар т.б. педагогикада, білім беруде қолданылатын құрылғыларға айналып отыр. Ендеше, бұл да педагогиканың индустриаландыруға аяқ басып келе жатқандығын білдіреді.

*Ақпараттандыру* қазіргі ақпараттық технологияларды ғылым мен бүкіл қоғамдық өмірге енгізу және үнемі жетілдіріп отыру дегенге келіп саяды. 1990 жылдар жалпыға қол жетімді интернеттің пайда болуы бұл үдерісті күшейтті. Бұл машинаға сенім қалуды күшейтіп, адам ізденіс пен өмірлік пронестерде белсенділік көрсете алмайтын болды.

Бұны педагогика ілімі екі жақты қарастырады: жағымды және жағымсыз тұрғыда. Жағымды жағы интернет, ақпараттық желілер арқылы мағлұматтарды тез игеру, ақпараттарды жедел арада тауып алу т.б. болса, тәрбие бойынша, ол ата-анасынан, ортасынан алшақтай бастайды да, «компьютерге телмірген оқшау

адам» қалыптасып, ол жағымсыз мәнге ие болады. Бірақ, бұл да педагогикадағы инновациялық тәсілдердің біріне саналып отыр.

*Библиографиялау* – мақалалар жариялау, сілтемелерді дұрыс көрсету, оларды сауатты пайдалану; мәтінмен жұмыс – өзінің мәтіндерін тудыру ғылыми білімнің өсуінің өлшеміне айналып кеткен. Ғалымның жаңалығы тек жарияланып, тексерілгеннен кейін ғана мақұлданады. Сондықтан қазіргі ғылым ғалымдардың мәтіндерінің тұтастанған жинағы гипермәтін ретінде ұғынылды. Ғалымның осындай машықтануы ғылыми сауаттылық ретінде бағаланды. Патенттеусіз ғалымның еңбегі ескерілмей қалатын ыңғайлар байқалды. Бұл плагиат, сілтемені дұрыс алмау сияқты өзара қақтығыстар туғызды.

Бұл ерекшелікте әдістер инновацияланбайтын сияқты болып көрінеді. Бірақ, бұндай машықтар, статистикалық, сандық, математикалық әдістерді, мәтінмен жұмыс жасауды қайтадан жаңартып отырады. Мысалы, қанша мақала шыққандығы, мәтіннің ұлғаюы т.б. Мәтіндермен жұмыс жасау кезінде, ол гипермәтінге айналады, демек, ол ұлғая түседі де, бірімен бірі тығыз байланыс орнатуға қарай бағытталады.

Ендеше, ғылымдағы осындай өзгерістер олардың әдістерінің де жаңашаланып отырғандығын айғақтайды. Олай болса, болашақта да қандай әдістер педагогикада қолданылуы мүмкін немесе олар қалай жетіле түседі деген сияқты сауалдар қойылады.

Біріншіден, әдістер әмбебаптана түсуі тиіс. Бүгінгі таңда ғылымда жаңа тұрғылар, амалдар, тәсілдер мен әдістер, әдіснамалар пайда болу үстінде. Оларды да педагогикада қолдану жолдары болуы тиіс. Мысалы, синергетика ілімі пайда болғаннан кейін, ол ғылыми әдіс ретінде барлық ғылымдарда қолданыла бастады. Ал оны педагогикада пайдалану жолы қандай? «Хаос тәртіпке алып келетін» болса[4], оқушының дағдарысқа ұшырауы, оның жаңа өмірге, тың ұстанымдарға аяқ басуы болуы тиіс, олай болса, ұстаз оған осындай шарттар қалыптастыруы қажет.

Бұндай әдістерді кеңінен қолдану педагогикалық зерттеулерді одан әрі өрістете түседі. Мысалы, диалектиканы тек философиялық әдіс деп қарастырмау қажет. Оның да педагогикада қолданылу жолдарын табуымызға болады.

Екіншіден, әдістерді қатар қолдануға болады. Педагогикалық зерттеулерде, білім беруде тек бір ғана әдісті пайдаланып шектеліп қалмау қажет. Мысалы, интегративті әдіснама осындай бағдарларды басшылыққа алады. Демек, педагогикалық қана емес, басқа ғылым әдістерін де мүмкіндік келгенше, бір мәселені шешу үшін қатар қолдануға болады деген сөз.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңдағы педагогикадағы ғылыми әдістердің жанаруы жаңа мәселелерді туындатады және бұрынғы дәстүрлі түрде шешілген нәтижелер де оған сәйкес өзгеруі ықтимал. Олай болса, жаңа әдістерді енгізе отырып, көптеген іргелі мәселелерді шешуге мүмкіндіктер ашылады деген сөз. Жалпы алғанда, педагогикалық әдістерді одан әрі зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қалиева Э.И. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы. - Ақтау, 2010 – 120 б.  
 [2] Демидов, А. Б. Философия и методология науки: курс лекций / А. Б. Демидов. — Витебск: УО «ВГУ им. П. М. Машерова», 2009. — 102 с.  
 [3] Социология: Учебник для вузов / В.Н. Лавриненко, Н.А. Нартов, О.А. Шабанова, Г.С. Лукашова; Под ред. проф. В.Н. Лавриненко. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 407 с.  
 [4] Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса.-М.: Прогресс,1986.-432с.

#### REFERENCES

- [1] Kalieva E.I. Fylymi-pedagogikaluk zertteu әdistemesi: Оқу құралы. - Ақтау, 2010 – 120 b.  
 [2] Demidov, A. B. Filosofiya i metodologiya nauki: kurs lekcij / A. B. Demidov. — Vitebsk: UO «VGU im. P. M. Masherova», 2009. — 102 s.  
 [3] Sociologiya: Uchebnik dlya vuzov / V.N. Lavrinenko, N.A. Nartov, O.A. Shabanova, G.S. Lukashova; Pod red. prof. V.N. Lavrinenko. 2-e izd., pererab. i dop. — M.: YuNITI-DANA, 2002. – 407 s.  
 [4] Prigozhin I., Stengers I. Poryadok iz хаosa.-M.: Progress,1986.-432s.

#### СОВРЕМЕННЫЕ ВИДЫ СПОСОБОВ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИХ РАЗВИТИЯ

**А.Б. Каметова**

Магистрант II курса ЕНУ им Л.Н.Гумилева

**Ключевые слова.** Методы, педагогические, научные исследования, современные.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются методы научно-педагогического исследования учетом изменений в современном науке.

Поступила 25.04.2016 г.